

Нуржанбаева Жанат Оралбайкызының 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға арналған «Дуальді оқыту жүйесінде коллеж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Дуалды оқыту мақсаты – оқу орындары жұмыс беруші жеке шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, осы нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа замануау технологияларды менгертіп, құзретті маман даярлау. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін - өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді. Кәсіптік білім беру қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, оның әрбір мүшесіне еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік пен ұтқырлықты қамтамасыз етеді. Кәсіптік оқытуудың дуальді формасының аса маңызды қағидасы – оқытудағы бірізділік пен жүйелілікті көрсетуге мүмкіндік береді. Дуальдық оқыту жүйесінің осы әлеуметтік әріптестікті орната отырып, болашақ мамандардың бойында қоғамға және өзіне қажетті құндылық сапаларды қалыптастырудың кешенді түрде ықпал ету мүмкіндігін арттыра түсетеңдігін көрсетеді. Болашақ маман үшін маңызды еңбек құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін – еңбек ортасы. Дуальды оқыту үдерісі барысында студенттер тікелей шынайы еңбек ортасына барады, оларға кәсіпорын тарапынан берілген еңбек операцияларын орындауы барысында көзқарастары, еңбекке деген құлшыныстары, кәсібіне деген қызығушылықтары арта түседі. Әрине іс-тәжірибе барысында осы үдеріске да қатысады, алайда теориялық білімі мен іс-тәжірибелік машық, дағдыларын қатар игерудің тиімділігі жоғары.

Білім, іскерлік пен дағдыны менгеру жүйелілігі көбінесе олардың практикалық қолданысының тиімділігімен анықталады. Оқыту мен тәрбиелеудегі бірізділік пен жүйелілік қағидасы құрылымдық-жүйелілік ұстанымның бейнесі болып табылады. Соған сәйкес зерттеуге жататын материал негізделген құрылымда, жүйеде және бірізділікпен ұсынылады. Педагогикалық үдерістегі жүйелілік мәні әр бөлім (сабак, ұйымдастырылған қызмет, іс шара түрі) құрылымының анықтығынан тұрады.

Қазіргі кезеңде әлемде оқытуудың дуальды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол – кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі бағыты колледждерде дуальді оқыту жүйесінде студенттердің бойында еңбек құндылығын қалыптастыру моделін құрастыру, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтау, зерттеу

нәтижелерін эксперименталдық жұмыстар арқылы тәжірибеде тексеруге арналған.

Ж.О.Нуржанбаевың диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша «Дуальді оқыту негіздері» атты электронды оқу құралы даярланып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен зияткерлік меншікке авторлық құқық алынды. Диссертациялық жұмыс №3149/ГФ4 Жоба келісім шартты бойынша 2015-2017 ж.ж. аралығында «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде болашақ педагогтарды дуальді оқытуға даярлау үдерісін жетілдірудің ғылыми әдіснамалық негіздері» тақырыбында ғылыми жоба ғылыми жоба шенберінде орындалды. Зерттеу тақырыбына байланысты шет елдердің іс-тәжірибелерімен танысып, Түркия, Ресей және Германия елдеріндегі дуальды оқыту жүйесіне талдау жасалынды. Акдениз университетінде (Түркия) ғылыми тағылымдамадан өтті. Алынған нәтижелер М.Әуезов атындағы ОҚМУ "Кәсіптік оқыту" кафедрасында оқу үдерісіне және өндірістік-сынақтық тәжірибеге енгізілліді, сонымен қатар Шымкент қаласындағы №5 колледжі, Инновациялық-технологиялық колледжінің оқу үдерісіне ендірілді.

Диссертациялық жұмысты жүргізу мерзімі кезінде докторант Ж.О.Нуржанбаева қойылған тапсырманы және жұмысты орындау кестесін басшылыққа алып, өз уақытында жоспарланған жұмыстарды орындалап отырды. Жұмысты орындау барысында тапқырлық пен табандылық, нәтижелерді талдай алу дағдыларын мен белгілі бір ғылыми, практикалық мәселелерді өзі қойып, өзі шеше алу қабілетінің барлығын көрсетті. Жалпы алғанда Ж.О.Нуржанбаевың «Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған біліктілік жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми және іс жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қагидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша ««Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағын беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ
«Кәсіптік оқыту» кафедрасының
профессоры, п.ғ.д., ғылыми жетекшісі



Жолдасбекова С.А.